

## БЕКІТЕМІН:

«Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының директоры

«09» \_\_\_\_\_ С.Оспанова  
2024 ж



## Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 (12) сынып оқушыларына арналған республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңдерін өткізу Ережесі

### I. Жалпы ережелер

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2012 жылғы 13 наурызындағы № 99 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары» (бұдан әрі- қағидалар), Халықаралық Қағидалар (ISEF) талаптары негізінде әзірленген осы ереже жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалары конкурсын (бұдан әрі-конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

**Байқаудың мақсаты** оқушылардың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

#### Байқаудың міндеттері:

1)оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық жұмыстарын ынталандыру;

2) ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;

3)оқушылардың үздік зерттеу жетістіктері мен өнертабыстарын көрсету және насихаттау;

4)оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамыту мәселелеріне қоғамның назарын аудару және ғылыми-зерттеу ресурстарын тарту.

2.Конкурс кезеңдері (аудандық/қалалық, облыстық, республикалық).

3. Ғылыми жобалар Конкурса 16 секциядан тұратын 4 бағытта қатысады:

**I бағыт «Ғылыми-техникалық прогресс, экономикалық өсудің негізгі буыны»** - Секциялар: физика; техника; Жер және Космос туралы ғылымдар.

**II бағыт «Экономикалық және әлеуметтік процесстердегі математикалық модельдеу»**-Секциялар:математика; қолданбалы математика; информатика; экономика.

**III бағыт «Салауатты табиғи орта – Қазақстан – 2030 стратегиясын іске асырудың негізі»**- Секциялар: химия; биология; қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау.

**IV бағыт «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттары»-Секциялар:** тарих, өлкетану, этномәдениеттану, тіл білімі, адам және қоғам, әдебиет.

#### **4. Конкурса ұсынылатын жұмыстар:**

1) ғылымның осы саласындағы фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды және жекелеген, бұрын белгісіз жаңалықтарды және эксперименттерді жариялау;

2) мектеп эксперименттерін жетілдіруге және өндірістік процестерді рационализациялауға жәрдемдесетін практикалық міндеттерді шешуге жаңа енгізетін аппараттардың, модельдер мен аспаптардың конструкцияларын құрастыру;

3) әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған экономикалық-заңдық негіздемесі бар компьютерлік модельдер мен жобалар әзірлеу;

4) зерттеу жобасының дайын өнімін (макет, өнім, модель бағдарлама, буклет) ұсыну.

5.Облыстық ұйымдастыру комитеті (ОҒӘ «Дарын» орталығы) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің 2012 жылғы 13 наурызындығы №99 бұйрығы эне ұсынылған жобаларды бағалаудың бекітілген критерийлері (Қосымша 2-4) негізінде сарапшылар мен қазылар алқасы мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады.

Қазылар алқасы мүшелерінің және конкурстың облыстық кезеңіне қатысушылардың тізімі "Дарын"орталығының хатымен келісіледі, және Абай облысының білім басқармасының басшысы бекітеді.

## **II. Зерттеу конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

1.Конкурса қатысу үшін барлық оқушыларға зерттеу жұмыстарының тақырыптарын ДпҚББДОҒӘО «Дарын» орталығына тіркелу қажет.Тіркелу үшін дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған білім беру ұйымдарының аудандық (қалалық) білім бөлімдері "Дарын" орталығына белгілеген мерзімде басшының қолы қойылған өтінімді ұсыну қажет.

### **2.Зерттеу конкурсы төрт кезеңде өткізіледі:**

**I кезең**– мектепшілік;

**II кезең** – аудандық/қалалық – қыркүйек айының соңына дейін;

**III кезең** – облыстық. Екі турдан тұрады:

-I тур – жобаларды қорғау- қазан айы;

-II тур – бейіндеу пәнді тереңдетіп оқыту бағдарламасы бойынша тестілеу;

**IV (ақтық) кезең** – республикалық кезең.Екі турдан тұрады:

-I тур - іріктеу (жобаларды алдын-ала сараптау)-30 қарашаға дейін;

-II тур – жоба қорғау.

1) Аудандық/қалалық кезең- білім бөлімдері оқушыларының ғылыми қоғамының немесе ғылыми жетекшінің ұсынысы бойынша 9-11 сынып оқушылары қатысады. Командалық жұмысты екіден көп емес оқушы орындайды.

2) Облыстық кезең- екі тұрдан тұрады, оны облыстардың білім басқармалары ұйымдастырып өткізеді.

Облыстық кезеңге жұмыстары плагиаттан өткен аудандық кезеңнің жеңімпаздары қатысады.

3) Плагиатқа қарсы анықтаманы дарынды балалармен жұмыс жөніндегі «Дарын» орталығы береді (онлайн антиплагиат жүйелерімен жинақталатын, жобаның басқа жерден алынбағаны туралы есеппен мәтіннің бірегейлігін тексеру, бірегейліктің рұқсат етілген пайызы-80%).

Облыстық кезеңнің **бірінші туры**-жобаларды қорғау. Жұмысты қорғау кезінде жобаның авторына (бірлескен авторына) баяндама үшін 7-10 минут беріледі.

Облыстық кезеңінің **екінші туры**-Қағидалардың қосымшасында көрсетілген жалпы білім беретін пәндер бойынша зерттеу жобаларының республикалық конкурсы өткізілетін пәндер тізбесіне сәйкес қатысушының сыныбына, оқыту тіліне сәйкес бейіндік пәндер бойынша тестілеу жүргізіледі.

Тестілеу 60 тест тапсырмасынан (120-балл) тұрады, оларды орындау үшін 2 сағат беріледі.

Тестілеу- бір мезгілде республиканың барлық облыстарында өткізіледі. Зерттеу байқауының ережелеріне сәйкес тестілеу нәтижелерінің апелляциясы қарастырылмаған.

#### **Тестілеу кезінде қатаң тыйым салынады:**

1) тест тапсырмаларын ұжымдық орындау, бөгде адамның көмегін пайдалану (ата-аналар, мұғалімдер, интернет желісі және т.б.);

2) ішкі жадтан немесе Интернеттен жүктелген мәтіндік, графикалық және/немесе аудио форматта ақпарат беруге қабілетті кез келген байланыс құрылғыларын, смартфондарды, смарт-сағаттарды немесе кез келген басқа гаджеттерді пайдалануға;

3) кез-келген электронды немесе қағаз анықтамалық ақпаратты, оқулықтарды, басқа әдебиеттерді, конспектілерді және басқа дайындалған жазбаларды, калькуляторларды қолдану;

4) жұмыс орнынан кету.

Физика және химия пәндерінен калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

Облыстық кезеңінің қортындыларын шығару кезінде тестілеу бойынша балдар және жобаны қорғау кезінде алынған балдар Ереженің 5-тармағына сәйкес жинақталады (қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша жобалар).

Үшінші кезеңге тестілеу балдарының жалпы санынан кемінде 50% балл жинаған іріктеу кезеңінің екінші турына қатысушылар жіберіледі(жаратылыстану-математика пәндері бойынша жобалар).

Командалық жұмысты үшінші кезеңге жіберу үшін жұмыс авторлары жинаған балдардың орташа арифметикалық саны өту балы болып табылады.

3) Зерттеу жұмыстарын сараптау-жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша-«Дарын» РҒПО, қоғамдық –гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша –облыстық білім басқармалары алдын ала сараптама жүргізеді.

Байқаудың республикалық кезеңіне ең көп балл жинаған, зерттеу жұмыстарының сараптамасынан өткен облыстық кезеңінің жүлдегерлері жіберіледі.

Зерттеу конкурсының аудандық/қалалық және облыстық кезеңдерін өткізу мерзімі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен белгіленген мерзімде өткізіледі.

### **Зерттеу жобаларын бағалау.**

Зерттеу жобаларын бағалау осы Ереженің 3 тармағында көрсетілген I, II, III бағыттағы жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша жазылған жобалар үшін **100 балдық** шкала бойынша келесі критерийлер арқылы жүргізіледі: қойылған проблеманың өзектілігі, жобалық жұмыс мазмұнының сапасы, зерттеу әдістері, ғылыми және практикалық құндылығы, нәтижені бағалау, автордың жобаны **3 бағытта** ұсына білуі (3-5 қосымшалар): 1-ғылыми (ғалымдар, профессорлар)- **36балл**; 2-бизнеске бағдарланған (бизнесмендер мен кәсіпкерлер)-**32 балл**; 3-практикалық (мамандар)-**32балл**.

Зерттеу жобаларын бағалау осы Ереженің 3 тармағында көрсетілген IV бағыттағы қоғамдық –гуманитарлық пәндер бойынша жазылған жобалар үшін **100 балдық шкала** бойынша келесі критерийлер арқылы жүргізіледі: қойылған проблеманың өзектілігі. Жобалық жұмыс мазмұнының сапасы, зерттеу әдістері, ғылыми және практикалық құндылығы, нәтижені бағалау, автордың жобаны ғылыми бағытта ұсына білуі (2 қосымша).

Конкурстың барлық кезеңдерінде: плагиатқа, бұрын басқа конкурстарда өз бетінше ұсынылған жұмыстарды пайдалануға немесе ұсынуға, сондай-ақ жануарларға қатігездік көрсетілетін, адам денсаулығы және жануарлар үшін зиян келтіретін заттар (улы, радиоактивтік, канцерогендік және мутагендік әсері бар зерттелмеген биологиялық белсенді қосылыстар, адам және жануарлар үшін патогенді заттар немесе микроағзалар, вирустар, ішімдік, никотин пайдаланылатын эксперименттері бар жұмыстарды пайдалануға жол берілмейді.

Жобалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс.

### **III.Ғылыми жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

1) Титул парағы нөмірленбейді, келесі беттің нөмірі-2, титул парағында көрсетіледі.

- Жұмыс орындалған ұйымның толық атауы; қала, мектеп, автордың (бірлескен автордың) тегі, аты, сыныбы;

- Жұмыс атауы;

- Сағыт, секция;

- жоба жетекшісінің (мұғалімінің)және ғылыми кеңесшінің (ғалымның)-тегі,аты,әкесінің аты;

- қала(конкурс өткізілетін орын),жылы;

2) Зерттеу жұмысының көлемі баспа мәтіннің 20 парағынан аспауы тиіс; мәтіні компьютерде басылуы керек (14 шрифт, Times New Roman, шрифт өлшемі -14, кегль (жоларалық интервал 1,5), азат жол шегінісі-1,25см; жиектері: жоғарғы, төменгі, оң жақ-2 см, сол жақ- 3 см; беттерді төменгі ортасынан нөмірлеу) және келесі құрылымнан тұрады:

#### **3)Жұмыс қамтиды:**

а) мазмұны;

б)Эссе-көлемі 250 сөзден аспайтын, зерттеу жұмысы тілінде жазылады(оқушының алған нәтижесін сипаттауы және оның қазіргі заманның қандай да бір өзекті проблемасын шешуге ықпалын дәлелдеу. Сонымен қатар,автор зерттеу жетістіктері, мақсаттары мен мүделлері туралы сипаттап, өз жұмысының бірегейлігін анықтайды);



в) Аннотация –көлемі 250 сөзден аспайтын, зерттеу жұмысының тілінде және ағылшын тілінде жазылады (зерттеудің өзектілігі, мақсаты, гипотезасы; кезеңдері; әдістері; зерттеудің жаңалығы, дербестік дәрежесі және қортындылары);

г)Ғылыми жеткешінің зерттеу жұмысына (ғалымға) шолуы-жұмыстың практикалық қызмет үшін маңыздылығы туралы ақпарат, зерттеудің өзектілігі дәрежесін және жұмыстың орындаудың дербестігін көрсету;

д) Кіріспе – осы жұмыстың қажеттілігін көруге мүмкіндік беретін таңдалған тақырып бойынша белгілі нәтижелерге аналитикалық шолу;

е) Жұмыстың зерттеу бөлігі (15 беттен артық емес)жеке тараулардан (параграфтардан) тұру және мыналарды қамтуы тиіс.

- қойылған міндеттерді шешу әдістерінің сипаттамасы;

- Жұмыс нәтижелері және оларды талқылау;

-Иллюстрациялық материал-А4 (сызбаларп, графиктер, фотосуреттер,суреттер);

**ж) Қорытынды** негізгі жұмыстың нәтижелері және олардың негізінде жасалған қорытындылары мен тәжірибелік мақсатта қолданылу ұсыныстарын қамтиды (бір беттен артық емес).

**з) Пайдаланған әдебиеттер** жұмыс соңында жалпы тізіммен келесі тәртіпте беріледі: (автордың тегі және қысқартылған аты – жөні; мақаланың және журналдың аты (журналдық мақалалар үшін); журналдың, кітаптың аты; басып шығарылған орны және баспа (кітаптар үшін); басылған жылы, шығу нөмірі, беті). Әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа сіңірген жеке еңбегі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерін әрі қарай пайдалану жөніндегі ұсыныстар, жетекшінің пікірі қоса берілуі керек.

к) Қосымшалар:

Оқушының зерттеу жобасының күнделігі:

-зерттеу жоспары (мерзімі/айы-жылы; қызмет атауы; нәтижесі) (фото және видео растаумен, бейне ұзақтығы 2 мин.уттан аспауы тиіс, көлемі 50Мб аспау тиіс);

-жоба жетекшісінің оқушының зерттеу жұмысы туралы Пікір-таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа қосқан жеке үлесі, оқушының жоба бойынша жұмыс кезінде алған өзіндік зерттеу қызметінің жаңа білімі мен дағдылары, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелері одан әрі пайдалану бойынша ұсыныстар көрсетіледі.Сонымен қатар, жетекші зерттеу барысында академиялық адалдық қағидаттарын, этикалық нормаларды,алынған нәтижелердің сенімділігі мен дұрыстығын сақталуын қамтамасыз етіп, растайды.

- плагиатқа қарсы анықтаманы дарынды балалармен жұмыс жөніндегі «Дарын» өңірлік орталықтары береді. (онлайн антиплагиат жүйелерімен жинақталатын, жобаның басқа жерден алынбағаны туралы есеппен мәтіннің бірегейлігін тексеру, бірегейліктің рұқсат етілген пайызы-80%).

**Зерттеу жобасы туралы стендтерді рәсімдеуге қойылатын талаптар.**

**Стендтердің өлшемдері:**

әрбір стенд зерттеу жобаны көрсету үшін стандартты панельге сәйкес келуі керек. Панельдің өлшемі: **биіктігі 120 см, ені 120 см.** панельдің орталық бөлігі **60 см, бүйір бөліктері әрқайсысы 30 см.** Тақырыптар үшін қосымша жоғарғы панельді қамтамасыз етуге болады (**мысалы, 20x90 см**).

-фон мен мәтіннің түсі қарама-қарсы болуы керек(ақ фон-қара мәтін; қою көк фон-ашық сары мәтін және т.б)

**-автор туралы деркестер жазылмауы керек.**

Стенд құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы керек:

-тақырыптың атауы

-мақсаты мен міндеттері

-өзектілігі

-әдістер мен кезеңдер

-нәтижелер, қортындылар.

**Стенд дизайнына арналған ұсыныстар:**

-мәтінді ортасына емес, сол жақ шетіне туралаңыз.

-постер кеңістігін шекті деңгейге дейін толтырмаңыз. Постер алаңының шамамен **50 пайыз** мәтіндік ақпаратты толтыру ұсынылады, ал бос орынды суреттер, графиктер, кестелер және т.б. үшін пайдаланыңыз.

**Стендте көрсетуге тыйым салынған заттар/ материалдар:**

1) Логотиптерді, соның ішінде танымал коммерциялық брендтерді, институционалдық елтаңбаларды немесе сауда белгілерін, жалауларды пайдалану;

2) Жобамен байланысты белгіленген немесе болжамды бизнестің коммерциялық мақсатын немесе өміршеңдігін көрсету үшін әзірленген жекелендірілген график/логотиптер.

3) Зерттеуді қолданған мекемеге немесе тәлімгерлерге кез келген сілтеме;

4) Жобаның патенттік мәртебесіне кез келген сілтеме;

5) Дискілер, компакт-дискілер, флэш-дискілер, брошюралар, буклеттер, визиткалар, баспа материалдары немесе қазылар алқасына немесе жұртшылыққа таратуға арналған азық-түлік сияқты кез келген заттар;

6) Кез келген марапаттар немесе медальдар;

7) Пошта мекен- жайлары, Дүниежүзілік желі, электрондық пошта және/немесе әлеуметтік медиа мекен-жайлары, OR кодтары, жобаның немесе қатысушының телефон және/немесе факс нөмірлері;

8) Демонстрация бөлігі ретінде белсенді Интернет немесе электрондық пошта байланысы.

#### **IV. Жеңімпаздарды марапаттау**

1) Зерттеу конкурсының облыстық кезеңінің жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және грамоталармен марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған мұғалімдерге өңірдің білім басқармаларының «Алғыс хаты» тапсырылады. Қатысушылардың барлығына сертификаттар беріледі.

2) Облыстық кезең жүлдегерлерінің саны әр секция бойынша барлық қатысушылар санының 45%-н құрайды.

#### **V. Қаржыландыру**

1) Іс-шараны қаржыландыру ДпҚББДОҒӘ «Дарын» орталығының бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.

2) Конкурсқа қатысушылар мен жетекшілердің іссапар шығыстары жіберуші жақтың есебінен төленеді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсын ұйымдастыру және өткізу Ережесіне Қосымша 1

Жалпы білім беретін пәндер бойынша  
Республикалық зерттеу жобалар конкурсында  
тестілеу өткізілетін пәндер тізбесі

Бағыты	Пәні. Тестілеу өткізілетін пәні
<b>I «Ғылыми-техникалық прогресс экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде»</b>	
1. Физика	Физика
2. Техника	Физика
3. Жер және ғарыш туралы ғылым	Физика
<b>II «Экономикалық және әлеуметтік үрдістерді математикалық модельдеу»</b>	
4. Математика	Математика
5. Қолданбалы математика	Математика
6. Информатика	Математика, Информатика
7. Экономика	Математика, География
<b>III «Салауатты табиғи орта - "Қазақстан-2030" Стратегиясын жүзеге асырудың негізі»</b>	
8. Биология	Биология
9. Химия	Химия
10. Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы	Биология
<b>IV «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттар»</b>	
11. Тарих	Дүниежүзілік тарих, Қазақстан тарихы
12. Құқық негіздері	Дүниежүзілік тарих, Құқық негіздері
13. Өлкетану	География, Қазақстан тарихы
14. Әдебиет	Қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті
15. Этномәдениеттану	Қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті, Дүниежүзілік тарих, Қазақстан тарихы
16. Тіл білімі	Қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз тілдері



Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсын ұйымдастыру және өткізу Ережесіне Қосымша 2

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсында қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері**  
(IV бағыт «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттар» пәндерінен жазылған жобалар үшін)

Бағыты – ғылыми

Әділ қазылар мүшелері – ЖОО-ның, ҒЗИ-ның профессорлары, ғалымдары, оқытушылары

№	Жобаны бағалау критерийлері	Эксперттік баға	Сараптамалық бағалаудың негіздемесі
1	Шығармашылық қабілет	Жеке жұмыс үшін 30 балл  командалық жұмыс үшін 25 балл	25-30 балл жеке жұмыс үшін және 20-25 балл топтық жұмыс үшін қойылады - егер жұмыстың авторы (лары) мәселені шешудің жаңа ғылыми тәсілін әзірлеуде шығармашылық қабілеттерін көрсетсе. 20-25 балл жеке жұмыс үшін және 15-20 балл топтық жұмыс үшін қойылады - егер автор (лар) деректерді талдаудың немесе жабдықты жаңа пайдаланудың жаңа тәсілдерін қолдануда креативті болса. 10-20 балл жеке жұмыс үшін және 10-15 балл топтық жұмыс үшін қойылады - егер деректерді түсіндіру кезінде шығармашылық қабілет пайда болса. 10 баллға дейін қойылады - егер жоба рефераттық сипатта болса.
2	Ғылыми ойлау	Жеке жұмыс үшін 30 балл  командалық жұмыс үшін 25 балл	Жеке критерийлердің әрқайсысы жеке жұмыс үшін 3 балл және командалық жұмыс үшін 2,5 балл шегінде бағаланады. Ғылыми жоба үшін: 1) қарастырылып отырған мәселе қаншалықты анық және нық ұсынылған; 2) жоспарланған нәтижелерді алу ықтималдығы жоғары болу үшін шешілетін тапсырма қаншалықты нақты көрсетілген; 3) мәселені шешудің нақты жоспары бар ма; 4) есепті шешуде айнымалылар анық



			<p>5) автор нәтижелерді кезең-кезеңімен тексеру қажеттілігін көрді ме (егер қажет болса) және оны дұрыс қолданды ма;</p> <p>6) қорытындыны растау үшін деректер жеткілікті түрде таңдалды ма;</p> <p>7) автор (лар) қорытынды жасау үшін деректердің шектелуін тани ма;</p> <p>8) автордың (топтың) мәселені шешуге кепілдік беретін зерттеудің келесі кезеңіне қатысты идеясы бар ма;</p> <p>9) автор(лар) ғылыми әдебиеттерді келтіре ме, әлде тек танымал әдебиеттерді келтіре ме.</p>
3	Қолданылған зерттеу әдістерінің тиімділігі	<p>Жеке жұмыс үшін 15 балл</p> <p>командалық жұмыс үшін 12 балл</p>	<p>10-15 балл жеке жұмыс үшін және 10-12 балл топтық жұмыс үшін қойылады - егер автор (лар) жұмыс барысында заманауи тиімді жабдықты немесе заманауи теориялық әдістерді қолданып, бұл осы білім саласында түбегейлі жаңа нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.</p> <p>5-10 балл жеке жұмыс үшін және 5-10 балл топтық жұмыс үшін қойылады - егер әдеттегі зерттеу әдістері қолданылса, бірақ сонымен бірге жаңа нәтижелерге қол жеткізсе;</p> <p>5 баллға дейін қойылады - егер жұмыс рефераттық сипатта болса.</p>
4	Тақырыптың ашылу дәрежесі (мұқияттылық)	<p>Жеке жұмыс үшін 15 балл</p> <p>командалық жұмыс үшін 12 балл</p>	<p>Критерийлердің әрқайсысы үшін 2,5 баллдан артық емес қойылуы мүмкін - жеке жоба үшін және 2 баллдан артық емес - командалық жоба үшін.</p> <p>Бұл параметр үшін бағалау жеке критерийлер бойынша бағалаулар негізінде қойылады:</p> <p>1) жұмыс жоспарланған кезеңге жеткізілді ме;</p> <p>2) шешілетін мәселе қаншалықты толық қамтылған;</p> <p>3) қорытындылар жеке экспериментке немесе қайталауға негізделген бе;</p> <p>4) жобадағы материал қаншалықты мұқият және анық көрсетілген;</p>

			<p>5) автор (лар) мәселені шешудің басқа тәсілдерін біле ме;</p> <p>6) автор (лар) зерттелетін мәселе бойынша ғылыми әдебиеттермен қаншалықты таныс.</p>
5	Шешендік шеберлік, демонстрациялық материалдың сапасы, айқындығы	Жеке жұмыс үшін 10 балл  командалық жұмыс үшін 10 балл	<p>Бұл параметр бойынша баға жеке критерийлер арқылы бағаланып қойылады:</p> <p>1) автор (лар) жұмысты қаншалықты ұтымды және анық баяндайды - 3 балл;</p> <p>2) баяндамада жоба материалы қаншалықты толық ұсынылған - 2 балл;</p> <p>3) автор (лар) жобаның негізгі сәттерін қаншалықты жақсы бөледі - 1 балл;</p> <p>4) жобада пайдаланылған эксперименттік деректер қаншалықты анық және нық көрсетілген - 1 балл;</p> <p>5) жоба нәтижелері қаншалықты анық және нық көрсетілген - 1 балл;</p> <p>6) стенд жобаның нәтижелерін қаншалықты жақсы түсіндіреді - 2 балл.</p>
6	Топ мүшелерінің үйлестіру деңгейі (тек командалық жұмыс үшін)	16 балл	<p>Бұл параметр бойынша баға жеке критерийлер арқылы бағаланып қойылады:</p> <p>1) жалпы жұмыста әрбір қатысушының міндеттері қаншалықты анық және анық көрсетілген - 4 балл;</p> <p>2) команданың әр мүшесі бүкіл команданың жұмысымен қаншалықты таныс - 3 ұпай;</p> <p>3) аяқталған жұмыс барлық топ мүшелерінің үйлестірілген күш-жігерін қаншалықты көрсетеді - 3 ұпай;</p> <p>4) команданың әр мүшесі қаншалықты жақсы жоба материалын баяндайды - 3 балл;</p> <p>5) команданың бұл жобаны қаншалықты орындауы қажет болды - 3 балл немесе бұл нәтижелерді жеке-жеке алуға болады - 0 балл.</p>

Әрбір критерий үшін қоюға болатын максималды ұпайлар көрсетілген)  
Барлығы: 100 ұпай

		Жұмыс тәуелсіз, аналитикалық қабілеттерін, зерттеу дағдыларын, автордың қызығушылығын көрсетеді, жоба тақырыбына жеке көзқарасын ұсынады, шығармашылық элементтерін қолданады.	0 – 4 дейін (командалық) 0 – 2 дейін (жеке)
		Жобаның даму перспективасы бар	0 – 2 дейін
4	Нәтижені бағалау (6 баллға дейін)	Қол жеткізілген нәтиженің толық сипаттамасы берілген. Жұмыс үлгісінің/орналасуының/моделінің фотосуреті мен бейне растауы бар.	0 – 2 дейін
		Мақсатқа қол жеткізілді, қойылған барлық міндеттер шешілді. Қорытындылар негізделген. Зерттеулер жүргізілді, нәтижелер алынды, олар сенімді.	0 – 2 дейін
		Жұмысты соңғы өнімді жобалау кезінде сәтті қолдануға болады.	0 – 2 дейін
5	Жобаны ұсыну (4 баллға дейін)	Жоба авторларының өз қызметінің кезеңдері мен нәтижелерін нақты, стилистикалық сауатты және тезистік баяндау қабілеті. Зерттеу күнделігі орындаушының жеке үлесін, жобадағы жұмыс кезеңдерін және уақыт бойынша алынған нәтижелерді көрсетеді.	0 – 2 дейін
		Автор сұрақтарға жауап беру қабілетін көрсетті (анық, сенімді, дәлелді), зерттеудің пәндік саласында еркін бағдарланған	0 – 2 дейін
6	Ұжымдық жұмыс (тек командалық жұмыс) (4 ұпайға дейін)	Әр қатысушының функциялары мен қатысу дәрежелері анықталды	0 – 2 дейін
		Жобаның әрбір мүшесінің күш-жігері мен қатысуы	0 – 2 дейін
	Жалпы:	Командалық - 36 балл, жеке - 36 балл	

Әр критерийдің алдында бағаланатын балл қойылады, ол есептеледі:

0 балл - критерий көрсеткіші ашылмаған

1 балл - ақпарат ішінара көрсеткішке сәйкес келеді

2 балл - ақпарат критерий көрсеткішіне толық сәйкес келеді.

Командалық жобаларды бағалау:

0 балл - критерий көрсеткіші ашылмаған

2 балл - ақпарат ішінара көрсеткішке сәйкес келеді

4 балл - ақпарат критерий көрсеткішіне толық сәйкес келеді.



Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсын ұйымдастыру және өткізу Ережесіне Қосымша 4

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсында қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері**

Бағыты – бизнеске бағытталған  
Әділ қазылар мүшелері – бизнесмен, кәсіпкелер

№	Жобаны бағалау критерийлері	Бағалау критерийінің мазмұны	Балдар саны
1	Қойылған мәселенің өзектілігі  (4 балға дейін)	Жобадағы проблеманың болуы және сипаты. Жұмыс теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті.	0 – 2 дейін
		Жоба мәселесі әлеуметтік әсердің маңыздылығын ашады. Әлеуметтік мәселенің өзектілігі мен ауқымы негізделген.	0 – 2 дейін
2	Практикалық құндылық  (6 ұпайға дейін - командалық, 8 балға дейін- жеке)	Жобаның мақсаты әлеуетті пайдаланушының қажеттіліктеріне сәйкес келеді	0 – 2 дейін
		Нәтижелердің сенімділігі аналитикалық және эксперименттік жолмен, модельдеу әдістерімен, эмпирикалық деректерді статистикалық өңдеумен немесе тәжірибемен расталды	0 – 4 дейін (командалық) 0 – 2 дейін (жеке)
		Тәжірибеде бар шешімдердің егжей-тегжейлі талдауы, ұсынылған шешімнің артықшылықтарын көрсететін аналогтардың салыстырмалы кестесі бар	0 – 2 дейін
3	Зерттеу әдістері  (4 балға дейін)	Қолданылатын әдістердің орындылығы	0 – 2 дейін
		Әдістерді қолдану технологиясын сақтау	0 – 2 дейін
4	Өзіндік ерекшелігі, рентабельділігі	Жаңа түпнұсқа идеялар мен шешу жолдар арқылы авторлар тақырып бойынша қазіргі шындық контекстіне жаңа нәрсе енгізген	0 – 4 дейін (командалық) 0 – 2 дейін (жеке)



	(6 ұпайға дейін - командалық, 8 балға дейін - жеке)	Жұмыс жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді, автордың қызығушылығын, тәуелсіздігін көрсетеді, жоба тақырыбына жеке көзқарасын білдіреді, шығармашылық элементтері бар	0 – 2 дейін
		Жобаны дамыту перспективасы бар (қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді)	0 – 2 дейін
5	Зерттеу жобасының жүйелілігі (6 ұпайға дейін)	Қол жеткізілген нәтиженің толық сипаттамасы берілген. Жұмыс үлгісі/орналасуы/моделі туралы бейне және фото растауы бар.	0 – 2 дейін
		Жобаны іске асыру жоспарының, қажетті ресурстардың, даму перспективаларының негізділігі.	0 – 2 дейін
		Тәжірибеде бар шешімдерді егжей-тегжейлі талдау, ұсынылған шешімнің артықшылықтарын көрсететін аналогтардың салыстырмалы кестесі ұсынылды. Шығармашылық, жаңашылдық, жобаның аналогтардан артықшылығы.	0 – 2 дейін
6	Жобаны ұсыну (2 балға дейін)	Автор сұрақтарға жауап беру қабілетін көрсетті (анық, сенімді, дәлелді), зерттеудің пәндік саласында еркін бағдарланған	0 – 2 дейін
7	Ұжымдық жұмыс (тек командалық жобалар үшін) (4 ұпайға дейін)	Әр қатысушының функциялары мен қатысу дәрежелері анықталды	0 – 2 дейін
		Жобаның әрбір мүшесінің күш-жігері мен қатысуы	0 – 2 дейін
<b>Жалпы:</b>		<b>Командалық - 32 балл, жеке - 32 балл</b>	

**Әр критерийдің алдында бағаланатын балл қойылады, ол есептеледі:**

0 балл - критерий көрсеткіші ашылмаған

1 балл - ақпарат ішінара көрсеткішке сәйкес келеді

2 балл - ақпарат критерий көрсеткішіне толық сәйкес келеді.

**Командалық жобаларды бағалау:**

0 балл - критерий көрсеткіші ашылмаған

2 балл - ақпарат ішінара көрсеткішке сәйкес келеді

4 балл - ақпарат критерий көрсеткішіне толық сәйкес келеді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсын ұйымдастыру және өткізу Ережесіне Қосымша 5

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсында қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері**

Бағыты – практикалық  
Әділ қазылар мүшелері – сала мамандары

№	Жобаны бағалау критерийлері	Бағалау критерийінің мазмұны	Балдар саны
1	Қойылған мәселенің өзектілігі  (6 балға дейін)	Жобадағы проблеманың болуы және сипаты. Жұмыс теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті.	0 – 2 дейін
		Жобаның дұрыстығы қазіргі уақытта нақты мысалдармен көрсетілген.	0 – 2 дейін
		Жоба талдаудың тереңдігін және идеяның өзіндік көзқарасын нақты көрсетеді, сонымен бірге тақырыпқа жеке көзқарасты қамтиды.	0 – 2 дейін
2	Практикалық құндылық  (6 ұпайға дейін - командалық, 8 балға дейін - жеке)	Жобаның мақсаты әлеуетті пайдаланушының қажеттіліктеріне сәйкес келеді	0 – 2 дейін
		Нәтижелердің сенімділігі аналитикалық және эксперименттік жолмен, модельдеу әдістерімен, эмпирикалық деректерді статистикалық өңдеумен немесе тәжірибемен расталды	0 – 4 дейін (командалық) 0 – 2 дейін (жеке)
		Зерттеу нәтижелері практикада қолдану идеясына жеткізілді және оны қолданудың әртүрлі салаларында қолдануға болады	0 – 2 дейін
3	Зерттеу әдістері	Қолданылатын әдістердің орындылығы	0 – 2 дейін

	(4 баллға дейін)	Әдістерді қолдану технологиясын сақтау	0 – 2 дейін
4	Жобалық жұмыс мазмұнының сапасы (6 ұпайға дейін - командалық, 8 баллға дейін- жеке)	Зерттеудің мақсаттарына сәйкес келеді	0 – 2 дейін
		Жаңа түпнұсқа идеялар мен шешу жолдар арқылы авторлар тақырып бойынша қазіргі шындық контекстіне жаңа нәрсе енгізген	0 – 4 дейін (командалық) 0 – 2 дейін (жеке)
		Жобаны даму перспективасы бар	0 – 2 дейін
5	Нәтижені бағалау (4 баллға дейін)	Қол жеткізілген нәтиженің толық сипаттамасы берілген. Жұмыс үлгісінің/орналасуының /моделінің фотосуреті мен бейне растауы бар.	0 – 2 дейін
		Мақсатқа қол жеткізілді, қойылған барлық міндеттер шешілді. Қорытындылар негізделген. Зерттеулер жүргізілді, нәтижелер алынды, олар сенімді.	0 – 2 дейін
	Жобаны ұсыну (2 баллға дейін)	Автор сұрақтарға жауап беру қабілетін көрсетті (анық, сенімді, дәлелді), зерттеудің пәндік саласында еркін бағдарланған	0 – 2 дейін
6	Ұжымдық жұмыс (тек командалық жобалар үшін) (4 ұпайға дейін)	Әр қатысушының функциялары мен қатысу дәрежелері анықталды	0 – 2 дейін
		Әр қатысушының функциялары мен қатысу дәрежелері анықталды	0 – 2 дейін
	<b>Жалпы:</b>	<b>Командалық - 32 балл, жеке - 32 балл</b>	

**Әр критерийдің алдында бағаланатын балл қойылады, ол есептеледі:**

0 балл - критерий көрсеткіші ашылмаған

1 балл - ақпарат ішінара көрсеткішке сәйкес келеді

2 балл - ақпарат критерий көрсеткішіне толық сәйкес келеді.

Командалық жобаларды бағалау:

0 балл - критерий көрсеткіші ашылмаған

2 балл - ақпарат ішінара көрсеткішке сәйкес келеді

4 балл - ақпарат критерий көрсеткішіне толық сәйкес келеді.



# ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ ӨТКІЗІЛЕТІН ФОРМАТЫ



## Дизайн сипаттамасы:


- қатарлардың жақтаулары хром құбырларынан жасалады, жобалардың стендтерін орналастыру үшін қатарларды құрайтын жақтаулар жиналады. Бұл жақтаулар берік және оңай орнатылады.

## Стендтердің өлшемдері:

әрбір стенд ғылыми жобаны көрсету үшін стандартты панельге сәйкес келуі керек. Панельдің өлшемі: биіктігі 120 см, ені 120 см. панельдің орталық бөлігі 60 см, бүйір бөліктері әрқайсысы 30 см. Тақырыптар үшін қосымша жоғарғы панельді қамтамасыз етуге болады (мысалы, 20x90 см).



# ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ ӨТКІЗІЛЕТІН ФОРМАТЫ



## Жобаларға арналған орындар:

ғылыми жоба көрмесінің әрбір орны негізгі демонстрациялық панель (стенд) орнатылатын мектеп үстелінің стандартты өлшемдеріне сәйкес келуі керек. Сондай-ақ, парталар ұқсас матадан жасалған алжапқыштармен жабылуы керек.



## Қоршау:

әр партаның екі жағында хром құбырларынан жасалған бөлімдер орнатылуы керек. Бұл бөлімдер үстел деңгейінен жоғары болады, сонымен қатар матадан жасалған алжапқыш экрандармен жабылған.

Қосымша элементтер: демеушілердің логотиптерін парталардың жабатын алжапқыштарына бекітуге болады .

